

СИЛЛАБУС

2024-2024 оқу жылының күзгі семестрі

«БВ04205, Юриспруденция», «БВ04202, Мемлекеттік қызмет» білім беру бағдарламасы

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (СӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (СОӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
3222 Экологиялық құқық	98	15	30	-	5	7
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Оффлайн	ЖОО компоненті	Классикалық шолу, аналитикалық дәріс	логикалық тапсырмалар, пікірталас, сөзжұмбақтар құрастыру, тест-сұрақтар	Univer АЖ тест		
Дәріскер (лер)	Айгаринова Гульнар Тулеухадировна					
e-mail:	Gulnar.Aigarinova@kaznu.kz,					
Телефоны:	87012178280					
Ассистент (тер)						
e-mail:						
Телефоны:						
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ						
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*		ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)			
Заманауи еңбек нарығына жауап бере алатын және тәжірибеде қалтқысыз қолдана алатындай Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын жетік білу қабілетін қалыптастыру .	1. Нарықтық қатынастар жағдайындағы Қазақстандағы экологиялық заңнамасының қалыптасуы мен дамуын зерттеп оқу		Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғау құқығының негізгі түсініктері, пәні, реттеу әдістерімен қайнар көздерімен танысу			
	2. Қазақстанның қолданыстағы экологиялық заңнамасы бойынша қоршаған ортаны қорғау тәртібі мен шарттарымен танысу		Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғау құқықтық қатынастары бойынша білім негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыру әдістерін меңгеру			
	3. Қазақстан Республикасын қоршаған ортаның жекелеген объектілерінің құқықтық мәртебесін қарастыру		Құқықтық фактілерді және олармен байланысты туындайтын құқықтық қатынастарды талдауы			
	4. Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғау құқықтық қатынастарын мемлекеттік реттеу механизмін қарастыру		Қазақстан Республикасының қоршаған ортаның жекелеген объектілерінің құқықтық мәртебесі туралы ақпаратты толығымен игеруі			
	5. Қоршаған ортаны қорғау құқықтық қатынастарын мемлекеттік реттеуді жүзеге		Қоршаған ортаның жекелеген объектілерінің ерекшеліктері мен артықшылықтарын толық меңгеруі			
		Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау құқықтық қатынастарын мемлекеттік реттеу ерекшеліктерін меңгеруі				
		Қоршаған ортаны қорғау құқықтық қатынастарын мемлекеттік реттеудің жекелеген функцияларын пәні бойынша ажырату білуі				
		Осы курсты оқу кезінде алынған білімді тәжірибелік жұмыста қолдану				

	асыратын билік органдарының құзіреттерін саралау, өзара ара қатынастарын ажырата білу	дағдысын үйрену. Қоршаған ортаны қорғау құқықтық қатынастарын мемлекеттік реттеу саласындағы тетіктерді игеруі
Пререквизиттер	Экология, ZP3215 Жер құқығы	
Постреквизиттер	PN3223 Жер қойнауын пайдалану құқығы, NP4303 Салық құқығы	
Оқу ресурстары	<p>Әдебиет:</p> <p>1. Негізгі:</p> <p>1. Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан: учебное пособие. – Караганда: Арко, 2009. – 472 с.</p> <p>2. Айғаринова Г.Т. Джангабулова Г.Т. Қазақстан Республикасының Экологиялық құқығы. Алматы, қазақ университеті баспасы. 2018 жыл</p> <p>3. Айғаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Экологиялық құқығы. Сызба түрінде Алматы, қазақ университеті баспасы. 2020 жыл</p> <p>2. Қосымша:</p> <p>4. Стамкулов А.С., Стамкулова Г.А. Земельное право Республики Казахстан. – А., 2005.</p> <p>5. Л.Қ. Еркінбаева, Г.Т. Айғаринова: Қазақстан Республикасының жер құқығы. Оқу құралы. Жалпы және ерекше бөлім. Алматы «Жеті Жарғы» 2010 жыл</p> <p>Интернет-ресурстар</p> <p>1. http://elibrary.kaznu.kz/ru</p> <p>2. https://adilet.zan.kz/kaz/</p> <p>3. https://blog.agrokebety.com/ponyatiye-agrarnogo-prava</p>	

Пәннің академиялық саясаты	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.</p> <p>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.</p> <p>Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің терендетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОСӨЖ, СӨЖ тапсырмаларына біріктіреді.</p> <p>Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p> <p>Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, СӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.</p> <p>Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.</p> <p>Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон 87784272744 /e-mail ainash.akim@gmail.com кеңестік көмек ала алады.</p> <p>МООС интеграциясы (massive openlline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.</p> <p>Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p>
БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері				
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға					
A	4,0	95-100	Өте жақсы	<p>Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.</p> <p>Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.</p> <p>Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. СӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.</p>				
A-	3,67	90-94						
B+	3,33	85-89	Жақсы			<p>Формативті және жиынтық бағалау</p>		
B	3,0	80-84				Дәрістердегі белсенділік	5	
B-	2,67	75-79				Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	20	
C+	2,33	70-74				Өзіндік жұмысы	25	
C	2,0	65-69				Қанағаттанарлық	Жобалық және шығармашылық қызметі	10
C-	1,67	60-64					Қорытынды бақылау (емтихан)	40
D+	1,33	55-59					ЖИЫНТЫҒЫ	100
D	1,0	50-54						
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз					
F	0	0-24						

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
МОДУЛЬ 1 Экологиялық құқықтың жалпы сипаттамасы			
1	Д 1. Экологиялық құқықтың түсінігі, пәні және жүйесі. Экологиялық құқықтық қатынастар	1	
	СС 1. Мемлекеттің экологиялық функциясы. Қоршаған табиғи орта құқық объектісі ретінде.	2	7
2	Д 2. Экологиялық құқықтың даму тарихы және қайнар көздері.	1	
	СЗ 2. Экологиялық құқықтың пайда болуы, өркендеуі және болашағы. Табиғат қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану туралы республикалық заңдылықтардың негізгі даму кезеңдері.	2	7
	ОСӨЖ 1. СӨЖ 1 орындау бойынша кеңестер		
3	Д 3. Табиғат объектілеріне меншік құқығы.	1	
	СС 3. Табиғат объектілеріне мемлекеттік және жеке меншік құқығының түсінігі және жалпы сипаттамасы.	2	7
	СӨЖ 1. Тақырып: 02 қаңтар 2022 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, жалпы сипаттамасы. Нысаны ауызша талдау. Өткізілетін уақыты – 2, 3 апта		25
4	Д 4. Табиғатты пайдалану құқығы.	1	
	СС 4. Табиғат пайдалану құқығының түрлері, объектілері және субъектілері. Табиғатты жалпы және арнайы пайдалану.	2	7

5	Д 5. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік құқықтық реттеу тетігі	1	
	СС 5. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың түсінігі мен қызметі.	2	7
МОДУЛЬ 2 Қоршаған ортаны қорғау қатынастарын мемлекеттік реттеу			
6	Д 6. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік құқықтық басқару	1	
	СС 6. Табиғи ресурстардың мемлекеттік есебі мен мемлекеттік кадастрлары.	2	7
	СОӨЖ 2. СӨЖ 2 орындау бойынша кеңестер		
7	Д 7. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жалпы сипаттамасы мен түсінігі.	1	
	СС 7. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қоршаған ортаны қорғаудағы орны	2	8
	СӨЖ 2. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу және басқару. Нысаны: топтағы жұмыс, екі немесе үш студентпен топтасып, мемлекеттік реттеу және басқару функциясын таңдап, сол тақырып бойынша презентация және реферат дайындап, қорғау.		25
Аралық бақылау 1			100
8	Д 8. Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалануды экономикалық реттеу	1	
	СС 8. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің түсінігі мен құрамдас элементтері.	2	6
	СОӨЖ 3. СӨЖ 3 орындау бойынша кеңестер		
9	Д 9. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік	1	
	СС 9. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің жалпы сипаттамасы. Экологиялық құқық бұзушылықтың түсінігі мен құрылымы.	2	6
	СӨЖ 3. Қазақстандағы тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу барысында «Құрлықтың экожүйесін сақтаудың құқықтық негіздері». «Теңіздегі экожүйені сақтаудың құқықтық негіздері». «Климаттың өзгеруімен күрестің құқықтық негіздері». «Таза су және халықтық санитарлық жағдайын құқықтық реттеу». Тақырыптарының біріне реферат жазу және қорғау		10
10	Д 10. Жердің экологиялық-құқықтық режимі және оларды қорғау	1	
	СС 10. Жерді қорғаудың мақсаттары мен міндеттері. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау.	2	6
	СОӨЖ 4. СӨЖ 4 орындау бойынша кеңестер		
МОДУЛЬ 3 Қоршаған ортаның жекелеген объектілерінің құқықтық жағдайы			
11	Д 11. Жер қойнауының экологиялық-құқықтық режимі және оларды қорғау	1	
	СС 11. Жер қойнауының, пайдалы қазбалардың құқықтық жағдайының түсінігі мен жалпы сипаттамасы.	2	6
12	Д 12. Судың экологиялық-құқықтық режимі және оларды қорғау. Таза суға құқық. Орманның экологиялық-құқықтық режимі және оларды қорғау.	1	
	СС 12. Қазақстан Республикасы су қорының түсінігі мен құрамы және оның жеке бөліктерінің құқықтық режимі.	2	6
	СӨЖ 4. Қоршаған ортаға келтірілген залалдың орнын толтыру, практикалық нысанда жағдаяттық есептерді шешу. Экологиялық құқық бұзушылық мәселелері бойынша сот процесін дайындау.		10
13	Д 13. Жануарлар дүниесінің экологиялық-құқықтық режимі және оларды қорғау.	1	
	СЗ 13. Жануарлар дүниесін ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік құқықтық механизмі.	2	6
	СОӨЖ 5. СӨЖ 5 орындау бойынша кеңестер		
14	Д 14. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құқықтық реттеу.	1	
	СС 14. Ерекше қорғалатын табиғи объектілерінің түсінігі және құрамы. Қызыл Кітап және айналадағы табиғи ортаны қорғаудағы маңызы.	2	6
	СӨЖ 5. Халықаралық экологиялық-құқықтық конвенцияларды және халықаралық экологиялық ұйымдардың мәртебесін құқықтық талдау. Топтағы жұмыс.		30
15	Д 15. Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғау. ЮНЕСКО Халықаралық ұйымының қоршаған ортаны қорғаудағы ролі.	1	
	СС 15. Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғаудың түсінігі және жалпы сипаттамасы. Халықаралық табиғатты қорғау объектілері мен субъектілері.	2	8
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән үшін жиынтығы			100

Декан _____ Д.Л. Байдельдинов
Кафедра меңгерушісі _____ Г.А. Қуаналиева
әріскер _____ Г.Т. Айғаринова